Мақалада әлеуметтанудағы жаппай коммуникациядағы өзекті сұрақтарының қарастырылған: жаппай коммуникация түсінігі; жаппай коммуникацияның алғы шарттары; жаппай коммуникация жүйесінің құрылымы; жаппай коммуникация құралдары және мемлекеттік билікпен өзара байланысы. Сонымен қатар дискуссиялық және жеткіліксіз қарастырылған мәселерге көніл бөлінген.

### Summary

The article considers the actual points of socialization of mass communication: the notion of mass communication; the concept of mass communication; structure of communication system; advertisements in means of mass communication and state power. The discussion questions and the questions which were not studied enough are also taken into consideration.

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖОГАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР ҮШІН ҚОЛЖЕТКІЗІМДІЛІГІ: СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

### Ж.К.Каримова-

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік- экономикалық пәндер кафедрасының Ph.D докторанты*

Жоғары білім қоғамның барлық әлеуметтік топтары үшін бірыңғай қолжеткізімді емес. Оның себебі әр топта әр түрлі, сондықтан олар үшін жоғары білім алудағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жолдары да ерекше болуы тиіс.

*a) Жоғары білім берудің оралмандар үшін қолжеткізімділігі.*

Қазақстан полиэтникалық мемлекет екендігі барша әлемге мәлім. Мұнда 130-дан астам халық өкілдері тұрады: кәрістер – 102455, немістер – 222284, қарашайлар – 1351, шешендер – 36178, ингуштар – 17628, балқарлар – 2077, түріктер – 86453 жәнн т.б. [1]. 2005 жылдың 1 қантарындағы статистикалық мәліметтер бойынша, 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан осы күнге дейін біздің еліміз 1,1 млн. иммигранттың панасына айналды.

Олардың 464000 этникалық қазақтар немесе оралмандар болып табылады. 2005 жылдың қантар-мамыр айлары үшін статистикалық мәліметтерге сәйкес иммигранттардың 78,5% - этникалық қазақтар, 12,3% - орыстар, 0,8% - немістер [2].

Әлемнің 40-тан астам елінде 6 млн-ға жуық этникалық қазақ тұрады. Осылайша, 1,5 млн. – Өзбекстанда, 1,5 млн. – ҚХР, 1 млн. – РФ, 100 мың – Түркменстанда, 800 мың – Монголияда, 45 мың – Қыргызстанда мекендейді. Қазақ диаспорасының үлкен бөлігі Турция, Афганистан және Иранда тұрады [45]. Олардың көшілігі XX ғасырдың 20-30 жылдарында саяси қуғын, аштық, ұжымдастырудың нәтижесінде жер аударған қазақтардың ұрпактары болып табылады. 1991-2004 жылдары әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты Қазақстаннан тысқары жерлерге 3158400 адам қоныс аударды.

Жағдай тек 1993 жылдың 1 қараша күні Президенттің қарлығымен этникалық қазақтарға туған жеріне қайтуға мүмкіндік беретін квотаны анықтауымен өзгере бастады.

Оралмандардың иммиграциясының квотасы халық санының өзгеруіне, елдің экономикалық және қаржылық жағдайына байланысты әр жылға анықталады.

Квотаның көлемі ҚР Президенттің жарлығымен бекітіледі. 1993 жылдың 1 қараша күні Президенттің жарлығымен бекітілген квота 10000 (шамамен 40000 адам) отбасының көшіп келуін немесе репатриация жасауға мүмкіндік берді. 90-жылдары квотаның көлемі едәуір өзгерді, 1999-2000 жылдары 500 отбасына дейін төмендеді. 2002 жылдың 1 қараша күні экономикалық жағдайдың жақсаруымен байланысты квота көлемі 2005 жылдың 1 қараша күні 15000 отбасына дейін жоғарылады.

Квотаға енгізу өтініші (ҚР дипломатиялық немесе консулдық миссияларына) шет елден келген соң немесе келмей тұрып, беріледі. Елде тұрып жатқандардан өтініш Астана қаласындағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитеті арқылы немесе жергілікті департаменттер арқылы беріледі. Сонымен қатар, оралмандар отбасыларының квотаға енгізілу критерийлері «Көші-қон туралы» Занда, нормативтік-құқықтық актілерде нақтыланбаған. Осының салдарынан квотаға енгізілу барысында жемқорлыққа жол берілген.

Квота Қазақстанға оралмандардың көшіп келуіне шектеу бермейді. Басқа елдердің иммиграциялық квоталар жүйелерінен айырмашылығы, (мысалы, Германия), Қазақстанда квотаға енгізілуі оралман отбасыларының елге кіруіне немесе ол жерде тұрақты өмір сүруіне талаптар қоймайды. Осының салдарынан квотаға енгізілмеген оралмандар отбасылары көбейіп отыр. Соңғы жылдары, мысалы, көрші Өзбекстаннан, соны ішінде Арап теңізінің жағалауында тұратын (Қарақалпақ, Навои облыстары) квотаға енгізілмеген оралмандар отбасылары көптеп көшіп келіп жатыр. Сонымен, оралмандардың екі тобы пайда болды : біріншісі квотаға енгізілгендер және екіншісі квотаға енгізілмегендер.

1995 жылға дейін елімізге көшіп келгендер саны бекітілген квотадан төмен болып келген. Бірақ, 1996 жылдан бастап, оралмандар саны бекітілген квотадан асып түсті, ал 2001 жылы тарихи отанына қайтып келушілер саны бекітілген квотадан 15 есе көп болды. 2002 жылы квотаның 2000 отбасына көбейтілгеніне қарамастан, иммигранттар саны 4 есе көбейді. 2004 жылы квота 10000 отбасына көбейсе де, жалпы иммиграция квотадан 86%-ке жоғары болды.

Квотаға енгізілген және оған кірмей қалған оралмандар санының айырмашылығын Қазақстанда өмір деңгейінің жоғарылауымен (басқа елдермен салыстырғанда) және де этникалық қазақтардың Қазақстанның оралмандар саясатына қызығушылық таныту белсенделілігінің артуы деп түсіндіруге болады.

Оралмандарды құқықтық қолдау 1997 жылы шыққан «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға негізделген, бұл заңда Қазақстанға көшіп келген барлық оралмандарға байланысты интеграциялық шаралар қарастырылған. «Халықтың көші-қоны туралы» Заңдан басқа Республикалық бюджеттен оралмандарға бөлінетін қаржыларды мақсатты бағытта қолдану тәртібі (Үкімет қаулысымен бекітілген), Оралмандарға жеке үй салу үшін жер бөлу тәртібі (Үкімет қаулысымен бекітілген), Тұлғаларды уақытша адаптациялық орталықтарда қоныстандыру нұсқаулығы (Қазақстан Республикасы көші-қон және демография Агенттігі төрағасының бұйрығы бойынша бекітілген) және т.б. нормативтік-құқықтық актілер бар.

Жыл сайын оралмандардың интеграциясына қаржы бөлінеді, 2005 жылы 8 млн. теңге бөлінді. Мемлекеттік дотациялардың көлемі анағұрлым көбейіп отыр. Мысалы, 2002 жылы мемлекеттік бюджеттен интеграциялық үрдістерге 375 млн. теңге ақша қарастырылды. 2003 жылы бұл көрсеткіш 2 млрд. теңгеге өссе, 2006 жылы 11,1 млрд. теңгеге жеткен.

Бюджеттік қаржылар квотаға енгізілген оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және жәрдемақы беруг жұмсалады. Тұрғын үй алуға арналған жәрдемақы мен әр отбасы мүшелеріне берілетін жәрдемақы квотаға енгізілген оралмандарға беріледі және де жол шығындары өтеліп, шекарадан мүліктерін өткізген кезде кеден баждарынан босатылады. Квотаға енгізілмеген оралмандар қазақстандық азаматтық алуға құжаттарын бере алады және оралмандарға тиесілі жеңілдіктерді ала алады. Бұл жеңілдіктердің көлемі квотаға енгізілген оралмандарға қарағанда шектеулі, оларды салыстыру қын.

Заңдарда жұмыспен қамту, біліктілігін арттыру, тілге бейімделу көмектерін көрсету бекітілгенмен республикада арнайы тіл курсары сияқты, анықтама қызметтері, біліктілігін жоғарлату курсары сияқты арнайы интеграциялық бағдарламалар жоқ. Қабылданған заң оралмандарға арналған бейімделу орталықтарын құру мәселесін шешкен. Бірақ, Халықаралық көші-қон ұйымының деректеріне сүйенсек, мұндай орталықтар өз қызметін толығымен орындаі алмай келеді.

Жыл сайын квота мөлшерінің ұлғайтылуы нәтижесінде 2006 жылы

Қазақстанда тұратын оралмандардың саны 464426 адамға жеткен. Олар бүгінде 117698-астам отбасын құрайды. Жас шамасына қарай талдау көрсеткендегі оралмандардың шамамен 43% – жастар, 52% – жұмысқа қабілетті адамдар, 5% – зейнеткерлер болып табылады. Оралмандардың жыныстық құрылымы Қазақстан халқының құрылымына сай келеді, 48% ерлер және 52% әйелдер. Қазақстан халқының жалпы құрылымы: 49% (ерлер), 51% (әйелдер). Көші-қон комитетінің мәліметтеріне қарағанда 163376 адам (35%) некеге тұрған.

Шамамен оралмандардың 76%-ы 1992 жылы азаматтық алған. 21%-ы азаматтық алууды күтіп отыр немесе азматтық алуға өтініш беруге дайын, 3%-ы азаматтық алғысы келмейді.

Иммигранттардың жалпы санында оралмандар 33% құрайды. 2005 жылы оралмандардың саны елге көшіп келген жалпы иммигранттардың шамамен 80%-ын құраған.

Оралмандардың көшіп келген елдері Шығыс Азия мен Таяу Шығысқа дейін созылып Батыс Еуропаны қамтиды. 1991-2005 жылдар аралығында оралмандардың көшіп келген елдері Өзбекстан (285409), Монголия (71507), Түркменстан (41787), Қытай (22117), РФ (18632). Көшіп келген елдердің ішінде Иранды, Түркияны, Ауғанстанды, Пәкістанды, Қыргызстанды және Тәджікстанды да атауға болады; кейбір оралмандар ТМД елдерінен, Шығыс Еуропадан, Даниядан және Израилдан көшіп келеді [3].


Соңғы он жыл көлемінде көшіп келгендер туралы ақпарат шектеулі. Осыған қарамастан жыл сайын Өзбекстанның көшіп келіп жатқан оралмандар туралы ақпаратты соңғы 20 жылда байқауға болады. 2001 жылы осы елден Қазақстанға 24859 адам, 2002 жылы 87596 адамға дейін көшіп келді. 2004 жылы бұл көрсеткіш 46787 адам болса, 2005 жылдың қыркүйегінде ол қайта күрт өсті (78123 адамға дейін). Олардың көшіп келу себебін көшкен елдердің экономикалық жағдайының тұрақсыздығы, ал Қазақстанға келсек, керісінші, позитивтік жаңалықтардың болғаны деп түсіндіруге болады.

Оралмандар Қазақстанның барлық өнірлерінде тұрады. Оңтүстік Қазақстан облысында оралмандардың басым бөлігі тұрады (122131). Бұл шамамен Қазақстан тұрып жатқан барлық оралмандардың 26%-ын құрайды. Екінші орында оралмандар саны бойынша Маңғыстау облысын бөліп көрсетуге болады. Бұл жерде 61 737 адам немесе барлық оралмандардың 13%-ы тұрады. Алматы және Жамбыл облыстарында, тиісінше, 60 770 және 49 365 адам тұрады. Ең аз оралмандар тұратын облыстарға Батыс-Қазақстан, Атырау облысы мен Алматы, Астана қалалары жатады.

Мұндай қоныстандыру жағдайы әр түрлі факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, квота өнірлік бөлініске бағытталған, сондықтан да квота өмір сүру жерлерін шектейді. 90-жылдарда квота көбінесе Солтүстік Қазақстанға бағытталған болатын. Бұл етек алған солтүстік және орталық аймақтардағы эмиграциялық ағымдардың халық санын төмендетуге әкеліп соққан залалдарын жабу мақсатында жүргізілген болатын. Миграциядағы өзгерістерге сай квота кейінгі жылдары оңтүстік облыстарға жылжи бастады,

бұл оралмандардың қоныстандыру үдерісіне (географиялық бағытына) сай келеді. Мысалы, 2005 жылы квотаға енгізілген оралмандардың 73%-ы (15 000 отбасының 10885-і) Өзбекстаннан көшіп келіп, Оңтүстік Қазақстанға қоныстанады.

Қазақстанға шет елдерден келушілердің пайыздық үлесі



Сурет №1

Квотаға енгізілмеген оралмандарды қоныстандыруға көшіп келген елдің жақындығы, жұмыспен қамту деңгейі сияқты факторлар әсер етеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанға көптеген оралмандар Өзбекстаннан, Тәджікстаннан, Түркменстаннан, Ираннан, Ауғанстаннан, Пәкістан мен Түркиядан көшіп келеді, олар бұл облысты бұрынғы туған жеріне жақын болғандықтан және жылы климатына байланысты таңдайды. Орыс тілінде сөйлей алмайтын оралмандар бұл облыста қазақ тілінде сөйлейтіндердің көптігін де еске алып таңдайды. Облыстарды таңдауда оралмандардың туысқандары болуы және тарихи байланысы қосымша себеп бола алады.

Маңғыстау облысы – оралмандар санына байланысты екінші орында тұр – Түркменстаннан, Өзбекстаннан, әсіресе, Қарақалпақ автономдық республикасынан келген оралмандарға тартымды. Олар осы облыста тұрып жатқан оралмандардың 95%-ын құрайды. Мұндай қоныстанудың негізгі себебі Түркменстан мен Өзбекстанның тарихи түбірінің жақын болуы. Маңғыстау облысы оралмандарға жоғары жалақы деңгейімен де тартымды. 2002 жылы Маңғыстауда бұл көрсеткіш 91,1%-ға көбейді.

Оралмандардың республика ішінде қоныс аударуы да қызықтыраш жайт емес. Қайталанған көші-қон үрдісі (немесе басқа облысқа, ауданға көшу) оралмандар арасында жиі кездесетін жағдай. Зерттеулерге сүйенсек, оралмандардың 24%-ы тұрган жерлерін кем дегенде 1 рет өзгерткен. Қайталанған көші-қон үрдісі әсіресе ауылдық жерде қоныстанған оралмандар арасында жиі кездеседі. Солтүстік аудандардан оңтүстік аудандарға ауысып көшу 90-жылдары кең етек алған, бұл квотаның географиялық тұрғыдан өзгеруіне байланысты, ауылдық жерлерден қалаға көшуі әлі де жиі кездеседі.

Мұндай миграцияның жоғары деңгейіне ауылдық жерлерде жұмыс

орнының болмауы (колхоз, совхоздардың күйреуі); мектептер мен ауруханалардың тапшылығы, кейбір аудандарда бала оқыту мүмкіншілігінің болмауы; жақын қалаға бару үшін көлік ақысының жоғары болуы және ауыдық инфракұрылымның нашар дамығандығы сияқты факторлар жатады. Орталық және солтүстік аймақтардағы оралмандар ауылдық жерлерден қалаға жиі көшеді. Маңғыстау мен Қазақстан облыстарында респонденттердің ең аз бөлігі өздерінің бастапқы тұрган жерлерін өзгерткен.

Оралмандардың тарихи отанына қайтып келу үрдісін реттейтін бірден бір маңызы бар құжат «Көші-қон туралы» Заң 1992 жылдың мамыр айында қабылданған болатын. Кейін осы заңының негізінде оралмандардың Қазақстандағы әлеуметтік адаптациясын қамтамасыз ететін көптеген нормативті-құқықтық актілер қабылданды. Оралмандардың әлеуметтік адаптациясына бөлінетін мемлекеттік дотациялар жылдан жылға өсуде. Мәселен, 2002 жылды мемлекеттік бюджеттен 375 млн. тг. қаражат бөлінді. Оралмандарды елдегі өмірге әлеуметтік бейімдеу шаралары жұмыс орындарымен, тұргын үймен қамтамасыз ету, медициналық жіне білім беру қызметтерін қолжеткізімді ету шараларын қамтиды.

«Халықтың көші-қоны» Заңының 29-2 бабына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі оралмандарға орта кәсіптік және жоғары оқу орнына түсуге Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген көлемде квота бөліуін қамтамасыз етеді. Министрліктің жергілікті департаменттері мектептерде және бала-бақшаларда оралмандарға орын бөлінуіне жауапты. Жалпы, министрліктің жергілікті және облыстық департаменті оралмандарға білім алуды ұйымдастыруда белсенділік танытып отыр. Көші-қон комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, 2005 жылды оралмандардың мектеп жасындағы балаларының ішінде бастапқы білімді 95,3% алды. Әрине, жергілікті билік органдарының осындей қолдауы оралмандардың болашақта жоғары білім беруге қол жеткізуіне әсер етпей қоймайды.

Алайда, бұл топтағы адамдардың жоғары білім беруге қол жеткізуіне ықпал тигізетін, бірақ мемлекеттің ретеуіне жатпайтын мәселелер де бар.

Осылайша, оралмандардың қазақтармен бір тарихи түбірі болса да, олардың мәдениеті мен тұрмысында ауқымды айырмашылық бар. Мұның себебі, оралмандар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен өмір сүру қағидатын сақтап қалып, басқа елдің өмір сүру салтып өз бойына сіңірсе, Қазақстандағы қазақтар совет одағы кезеңіндегі әр түрлі өзгерістердің, нарықтық экономикаға өту кезіндегі өзгерістердің ықпалына бейімделіп қалды. ТМД елдерінен басқа мемлекеттерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болды. Оралмандардың өмір сүру сипаты мен дінге деген көзқарасының ерекшелігі олардың Қазақстандағы мәдени бейімделуіне ететін ең маңызды жағдайлардың бірі болып табылады. Бұл әсіресе киім киүоде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының мұғалімдері арасында жүргізілген сауалға жауап беру барысында бастапқы кездे мәдениеті, дінге сену ерекшеліктеріне байланысты кейбір оралмандар (Ауғанстаннан, Ираннан, Пәкістаннан келген оралмандар)

қыздарының ер балалармен бір мектепке баруына қарсы болған. Кейбір жағдайdarда қыз балалар 13 немесе 14 жасында сабак оқуын тоқтатады, оларды ата-анасы тұрмыс құруға дайындаиды.

Алайда, оралмандардың жалпы орта, ал кейінірек жоғары білім беруге де қол жеткізуіне ықпал ететін факторлардың ішінде әлеуметтік-экономикалық фактор ерекше басымдылыққа ие болып отыр. Осылайша, зерттеу барысында мектепке бармаудың көптеген себептері анықталды, соның ішінде денсаулығының болмауы, сабакқа деген ынтасының жоқтығы, қаржылық қындықтар. Төмендегі көрсеткіштер мектепке бармаудың негізгі себебі денсаулықтың нашар екендігін көрсетеді.

Оралмандардың денсаулығы туралы ресми статистика жоқ. ҚР заңдарына сәйкес оралмандарға Қазақстан азаматтарымен бірге медициналық көмек алуға кепілдік беріледі. Қазақстанға көшіп келген соң, оралмандар толық медициналық тексеруден өтуге міндетті. Бұл үрдісті көші-қон Комитетінің жергілікті департаменттері бақылайды. Бірақ, облыстарда, аудандарда медициналық көмектің сапасының айырмашылығы бар. Ондай айырмашылық бастапқы медициналық көмекте де, толық медициналық тексеріс өткізгенде де орын алады. Осылайша, оралмандарды медициналық тексерістен өткізудің біркелкі тәртібі бекітілмеген, емханалар мен медициналық қызметкерлер мұндай медициналық тексеріске әр түрлі уақыт жұмсайды. Медициналық тексерістен кейін оралмандар мемлекеттік медициналық ұйымдарда толық көлемде медициналық көмек алуларына құқығы бар. Медициналық мекеменің қызметкерлеріне қойылған сауалдан көріп отырғанымыздай, оралмандар дәрігерге дер кезінде қаралмайды және дәрігерлердің емдеу ережесін сақтамайды, екінші аурудың алдын алу тексерістеріне келмейді. БҰҰ-ның көші-қон жөніндегі бөлімшесінің мәліметтеріне сәйкес, кейбір оралмандар санитарлық гигиеналық ережелерді сақтамайды. Оралмандар отбасының ішінде жұқпалы қауіпті аурулардың пайда болу мүмкіндігі бар. Оралмандар медициналық көмекті уақытында алмауының себебі деп, медицинаға сенбеушілік немесе уақытының, ақшасының жоқтығы деп түсінілдіреді. Емдеудің басқа тәсілдерін білетін оралмандар, зерттеу барысында өзін-өзі емдеумен айналысатынын, бұрынғы тұрған елдің дәрігерлеріне барып емделетінін немесе жергілікті тәуіптерге баратынын айтты. Осылайша, нәтижесінде көптеген оралмандар ауруды асқындырып алғанда ғана дәрігерлерге қаралады. Осылайша, оралмандардың басым бөлігі (79%) медициналық көмекті мемлекеттік медициналық мекемелерден алса, 12% үйлерінде емделеді, 4% жеке медициналық орталықтарда емделсе, 2% жергілікті тәуіптерге барып емделеді екен.

Оралман- балалардың жалпы орта білімге, тиісінше, жоғары білім беруге қол жеткізуі олардың ата-аналарының жұмыспен қамтылуына да тікелей байланысты. Көші-қон Комитетінің ресми статистикасына жүгінсек, оралмандардың тек 61,5% ғана жұмыспен қамтылған. 2000 жылдағы жұмыспен қамтылу деңгейі 32% болғанына қарамастан ол көрсеткіш 2004 жылы 91,6% болған барлық халықтың жұмыспен қамтылу деңгейімен

салыстырғанда өте төмен болып отыр. Оралмандар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жалпы ел бойынша көрсеткіштен (2004 ж. 8,4%) анағұрлым жоғары.

Аймақтар бойынша жұмыспен қамтылу деңгейінде елеулі айырмашылықтар бар. Мысалы, Астанада оралмандардың 91%-ы жұмыспен қамтылған. Алматы облысында оралмандардың 83%-ы жұмысбасты болса, Солтүстік Қазақстан облысында оралмандардың 79%-ы жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген. Оңтүстік Қазақстанда оралмандарды жұмыспен қамту деңгейі өте төмен. Мұнда оралмандардың 38%-ның ғана тұрақты жұмысы бар. Батыс Қазақстанда жағдай біршама жақсы, мұнда оралмандардың 41%-ы жұмысбасты болып шықты.

Осылайша, тұрақты табыс көзі жоқ оралмандардың өз балаларына ақылы негізде білім беруге мүмкіндігі өте төмен. Оларға тек мемлекеттік грант түріндегі мемлекеттік тапсырысқа үміт артуға тура келеді.

Жоғары оқу орнына қабылдауда мемлекеттік тапсырыс бойынша мамандарды дайындау мақсатында келесідей көлемде квота қарастырылған [4].

Мемлекеттік тапсырыс бойынша мамандарды дайындауға бөлінетін квота көлемі



Сурет №2

2003-2004 жылдары 183000 жоғары оқу орындарына түсті, соның ішінде 153000 – ақылы түрде (өз қаржылары есебінен), 16000 – мемлекеттік білім гранттары есебінен, 10000 – мемлекеттік ілім кредиттері есебінен білім алады [5]. Сонымен, мемлекеттік көмек арқылы оқып жатқандар саны – 26000 адам, олардың 520 – оралмандар.

«BILIM CENTRAL ASIA» білім беру орталығының зерттеулеріне сүйенсек, мектеп бітіргендердің 46% университеттік білім алуға талпынады, 40% әлі шешім қабылдаған жоқ, ал 14% кәсіптік немесе техникалық колледждерде оқығысы келеді. Ата-аналардың 54% балаларының жоғары білім алғандығын қаламайтындығын, өйткені қаржы тапшылығы және балаларының үйден кеткендігін дұрыс деп санамайды [6]. Балаларын алыс оқуға жібергісі келмейтін ата-аналардың қаржы тапшылығына сілтеп

отырғаны түсінікті. Жоғарыда атальп кеткендей, 2005 жылдың 1 қаңтарындағы көші-қон комитетінің ресми статистикасына сүйенсек, оралмандардың тек 61,5% ғана жұмыспен қамтылған. Оның үстіне, оралмандарды жұмыспен қамтуда аймақтық ерекшеліктер бар. Мәселен, егер Астанада оралмандардың 91% тұрақты жұмыс орындарымен қамтылса, Оңтүстік Қазақстан облысын мекендейтін оралмандардың 38% ғана жұмыс орындарымен қамтылған. Яғни, балаларын жоғары оқу орындарында оқытамын дейтін оралман ата-ананың өзінде мұндай мүмкіндік шамалы.

Ата-аналардың атап отырған екінші себептің табиғаты анық емес. Бұл балаларына деген болуы мүмкін кері қатынастан қауіп, әрі жоғары оқу орындарының территориялық орналасуының алшақтығы да болуы мүмкін.

Мәдени айырмашылықтар оралмандар мен жергілікті тұрғындардың арасында түсініспеушілік тудырады деген ресми ақпарат жоқ, дегенмен, жергілікті халықтың оралмандарға деген көзқарасы әрдайым жақсы бола бермейді.

Әлеуметтік технологиялар Орталығының 2005 жылы өткізген зерттеуінің нәтижесі бойынша, жергілікті халықтың оралмандарға деген қатынасын келесідей кесте арқылы көрсетуге болады [7]:

**1- кесте. Жергілікті халықтың оралмандарға қатынасы (%)**

<b>Жергілікті халықтың оралмандарға қатынасы (%)</b>	
Жақсы	34%
Шыдамдылықпен	25%
Немқұрайлы, селқос	22,5%
Нашар	10,1%

**2-кесте -Аймақ бойынша оралмандарға жергілікті халықтың қатынасы (%)**

<b>Өнірлер</b>	<b>Жақсы</b>	<b>Шыдамдылықпен</b>	<b>Селқос</b>	<b>Нашар</b>
Солтүстік	28,8	34,6	24,2	5,6
Оңтүстік	42,5	19,7	15,4	7,4
Батыс	46,4	13,7	23,7	4,8
Шығыс	26,2	18,4	24,6	17,2
Орталық Қазақстан	31	28,4	29,	10,6
Алматы қаласы	28,2	33,6	18,1	16,1
Жалпы республика бойынша	34	25	22,5	10,1

Қазақстан халқының оралмандарды қабылдауы әр қилы. Бір жағынан, тарихи отанына қайтып келген оралмандарды құрметтейді, қабылдаған елге

олар қандай пайда әкелетінін жақсы түсінеді. Бірақ, әсіресе, әлеуметтік жәрдемақы мен мақсатты женілдіктерді берген кезде оларға деген сенбеушілік бар.

Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты оралмандарға қатынасы былай көрсетіледі: қазақтар және этникалық топтың басқа өкілдері (орыстар емес) жалпы оралмандардың көшіп келуіне қарсы емес. Орыстардың ішіндегі (санына қарай екінші орындағы этникалық топтың) 15%-ы немесе әрбір алтыншысы оралмандарды жақтырмайтынын айтқан. Алайда, мұндай көзқарас барлығына дерлік тән емес. Кейбіреулері еңбек нарығына кірігуде немесе жұмыс табуда, тұргын үймен қамтамасыз етуде оралмандар тарапынан қауіп қатер тууы мүмкін деп есептейді.

Әлеуметтік технологиялар Орталығының өткізген зерттеулері табысы жоғары респонденттердің оралмандарға көзқарасы жақсы, ал табысы аз немесе жеткіліксіз халық тобы оралмандарға жақсы қарамайтындығын, оларды жақтыртпайтындығын, яғни қарама-қайшы қатынастарын көрсетті.

Сонымен, респонденттердің көпшілігі оралмандарға жақсы қатынас білдіргенімен оларға деген кері көзқарас элементтері байқалады. Және атап-аналардың өз балаларын алысқа жібермеуінің себебі де мұндай қатынастың салдары болуы мүмкін.

Қазақстан жоғары оқу орындарының территориялық орналасу мәселесін қозғайтын болсақ, жоғарыда айтылып кеткендей, олардың көпшілігі Алматы қаласында орналасған. Ал оралмандардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан (122131 адам немесе 26%), Маңғыстау (61737 адам немесе 13%), Алматы (60770 адам) және Жамыл (49365 адам) облыстарына келіп қоныстанады. Осылайша, жоғары оқу орындарының тым алыс орналасуы да жоғары білімнің қолжеткізімділігіне кері ықпалын тигізіп отырады.

Жоғары білім берудің оралмандар үшін қолжеткізімділік дәрежесін айқындастын келесі фактор ретінде тілдік мәселені айтуға болады.

Тіл қарым-қатынастың негізі болып табылады. Мигранттардың көшіп келген елдің тілін білуі, олардың еңбек, әлеуметтік мәдени өмірге интеграциялануының негізгі индикаторы болып табылады. Мигранттарды қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды.

Оралмандардың Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпышын сақтап қалу, балаларының келешегін қаматамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің құнделікті қолдану қыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым-қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың жергілікті елге кірігуі, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде орыс тілін білмеу салдарынан өмірлерін одан әрі қындана түседі. Оралмандардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемеуге болмайды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті

қолданылады : Қазақстанда, Ресейде және ТМД-ның басқа елдерінде кириллица, Турция мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда – ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Турциядан келген оралмандар толық қазақ тілін менгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қыншылықтарға жолығады. Білім беруге қол жеткізуді санамай тұрып, тіпті алғашында ең қажетті істерді, мысалы оралман статусын алуға құжаттарын толтыра алмайды.

Қазақстанға оралған қазақтар осындағы өмірге тез бейімделу үшін қазақ тілімен қоса, орыс тілін де жетік білгені жақсы. Себебі, тіл тек күнделікті жүріп тұруға ғана емес, ең бастысы Бірегей Ұлттық Тестілеуден өту үшін де қажет.

Ә) *Жоғары білім берудің «мүмкіндіктері шектеулі» адамдар үшін қолжеткізділігі.*

Жоғары білім беруге қол жеткізу мүмкіндігі тәмен келесі әлеуметтік топ – мүгедектер. Батыста жоғары білім берудің мүгедектер үшін қолжеткізділігі және оған қатысты т.б. мәселелер 1980-жылдардан бері зерттеліп келеді. Нақтырақ айтатын болсақ, социология ғылымының шеңберінде негізінен мүгедек студенттердің әлеуметтік идентификациясы, олардың білім алудағы қындықтары мен жоғары білімнің қолжеткізділігі мәселелері зерттелген болатын [8].

Мүгедектік проблемасының өзектілігі оның әлем деңгейіндегі ауқымдылығымен түсіндіріледі. БҰҰ-ы мамандарының мәлімдеуінше, әлемде 600 миллион мүгедек бар. Қазақстанда 2005 жылдың 1 желтоқсаны үшін мәліметтерге қарағанда, 413 мың 600 адамға жетеді. Олар Қазақстан Республикасының бүкіл халқының 3%-ын құрайды деген сөз [9].

Қазақстанда мүгедектерді әлеуметтік қорғау мақсатында көптеген шаралар қолданылуда. Солардың бірі болып 2006-2008 жылдарға арналған мүгедектерді реабилитациялау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама.

2003 жылы Қазақстан Республикасында мүгедектік бойынша мемлекеттік төлемақыларды бүкіл халықтың 2,6% алған болатын. Аталған бағдарламада бекітілген шараларды іске асыру мақсатында 2005 жылдан бастап мүгедектерге мемлекет тарапынан төленетін әлеуметтік төлем ақы 6700 тенгеге дейін немесе 50%-ға жоғарлатылған:

I топ мүгедектері үшін – 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) немесе 2895 тенге;

II топ мүгедектері үшін – 2,5 АЕК (2412,5 тенге);

III топ мүгедектері үшін – 2 АЕК (1930 тенге); 16 жасқа толмаған мүгедек-балалар үшін – 3 АЕК (2895тенге).

Мүгедектерді қоғамдық маңызы бар салаларға кіріктіру мақсатында құрылған бүгінде Қазақстанда бірқатар коррекциялық мекемелер бар. Алайда, олардың саны әлі де болса жеткіліксіз:

3-кесте. Арнайы білім беретін коррекциялық мекемелер торабы мен ондағы оқушылар контингенті (дана және адам)

<b>Арнайы білім беретін коррекциялық мекемелер торабы мен ондағы оқушылар контингенті</b>	<b>Жылдар</b>		
	<b>2002</b>	<b>2003</b>	<b>2004</b>
Мектепке дейінгі білім беретін арнайы мекемелер	36	39	45
Мұгедек-балаларға арналған арнайы топтары бар мектепке дейінгі мекемелер	236	201	119
Мектепке дейінгі коррекциялық мекемелер мен топтардағы балалар саны	9876	9380	11229
Білім беретін арнайы коррекциялық мекемелер	103	102	103
Білім беретін арнайы коррекциялық мекемелер мен орта мектептердегі арнайы класстарда оқитын балалар саны	23604	24214	24737

Білім және ғылым министрлігінің Көрмейтін немесе көру қабілеті төмен азаматтарға арналған Республикалық Кітапхананың Директоры Г. Балғожинаның мәлімдеуінше, бүгінде бұл кітапхана мүгедектердің бұл тобы үшін ерекше мүмкіндіктер туғызуда. Мәселен, мұнда мәтіндер брайль бойынша дубляждалып, арнайы «сөйлейтін» қуралдар пайда болуда. Ал 2006 жылдан бастап әрбір оқырманның мемлекет тарағынан қаржыландырылатын жеке көмекшісі және сурдоаудармашысы болатын болды.

Өкінішке орай, жоғары оқу орындарының басшылығының бұл кітапхана туралы хабары аз, сондықтан оның оқу процесіне тигізер пайдасы шамалы болып отыр. Ал Алматы қаласының өзінде ғана осындай 30 студент бар. 2006 жылы Қазақстан жоғары оқу орындарын тек 12 көзі нашар көретін студент бітіріп шыққан [10].

Қазақстан жоғары оқу орындарының көпшілігі мүгедектердің білім алудына бейімделмеген: тиісті қозғалыс жолдары, медициналық пункттері, оларға көмек көрсететін арнайы адамдар жоқ, инклузивті білім беру әлі де болса тиісті түрде қалыптаспаған және т.б..

Ал мүгедек жастардың тест арқылы жоғары оқу орындарына түсудегі қыындықтары бір басқа мәселе болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, Бірегей Ұлттық Тестілеу 1999 жылдан бері өткізіліп келеді. Оның ұйымдастырылу инструкциясы бойынша, мемлекеттік комиссия тесттің өтілу жерінде мүмкіндіктері шектеулі талапкерлерге тесттен өтуі үшін қолайлы жағдай туғызыу керек. Соған орай мүгедектерге жетім балалар, ауыл жастары және орталмандарға секілді жоғары оқу орнына түсу үшін арнайы квота бөлінеді.

Алайда, ереже бойынша мемлекеттік комиссия мүмкіндіктері шектеулі

талапкерлерге бөлек аудитория бөліп беріп, қасына тест парағын толтыруға көмектесетін арнайы көмекші адам қоюы тиіс. Нашар көретін, еститін және қозғалысы қынданатылған балалар отыратын аудиторияларда мемлекеттік комиссия мүшесі болуы керек. Алайда, тест тапсыру уақыты, сұрақтар көлемі жөнінен бұл талапкерлер үшін жеңілдіктер жоқ [11].

Адам құқықтары мен заңның сақталуы жөніндегі халықаралық бюроның Оңтүстік Қазақстандағы өкілдігінің Директоры Р.Глушченконың пайымдайынша, тестілеу барысында «Денсаулық сақтау туралы», «Бала құқығы туралы» жіне «Неке және Отбасы туралы» заңдар орындалмайды. Мәселен, «Неке және Отбасы туралы» Заң бойынша, бала өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы. Ол баланың ата-анасымен (олардың орнын басушы адамдармен) жүзеге асырылады. Ал тестілеу ережелері бойынша, мүгедек талапкерлердің ата-аналарына балаларымен бірге аппеляциялық комиссияға өтініш жасай алмайды [12].

Жоғары білім алу Қазақстанда тек орта білім жөніндегі құжат негізінде мүмкін. Алайда, мүгедек балалар денсаулығының нашарлығы есебінен орта мектепте берілетін білімді түрлі себептер есебінен игере алмай қалады. Мәселен, мектепке барып тұруға мүмкіндігі жоқ мүгедек оқушылар сабактарын үйде алуы тиіс. Алайда, егер мектепте оқушы аптасына 36 сабак өтсе, мүгедек балалар өз үйінде тек 8-12 сабак қана өтеді. Оның үстіне, оларға тесттің 25%-ін құрайтын Қазақстан тарихы секілді сабак мұлдем оқылмайды.

Мұндай құқық бұзушылықтың басты себебі – қаржының жетіспеушілігі. Қаржы тапшылығының есебінен мектептерде мүгедектер үшін ғана емес, сонымен атар мектеп оқушыларының өзін барлық пәндер бойынша мұғалімдермен қамтамасыз ету қынға соғып отыр.

Барлығы Қазақстанда үйде білім алатын 3887 бала бар екен [13].

Олардың барлығын жеке мұғаліммен қамтамасыз ету үлкен қаржыны талап етеді. Қазіргі кезде үйде сабак беру мұғалімдерге мектептегі сағаттарға қосымша ретінде беріледі. Соңдықтан, мұғалімдердің үйдегі сабакқа бармай қалу, сабактың қысқа болу немесе білім сапасының төмен болу мысалдары ете жиі кездеседі.

Білім және ғылым министрлігі мамандарының пікірінше, бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – дистанционды білім алу.

Алайда, бұл процесті ұйымдастырудың өзі арзан бола қойmas.

Өйткені ол үшін кем дегенде әрбір мүгедек оқушының және мұғалімнің үздіксіз интернетке қосылған жеке компьютері болуы тиіс. Сонымен бұл мәселе әлі де болса өз шешімін күтуде.

*б) Жоғары білім берудің қызы балалар үшін қолжеткізімділігі.*

1999 жылғы халық санағы нәтижелері бойынша, әйел адамдардың білім деңгейлері ерлерден әлдеқайда жоғары [14].

4-кесте. Ер және әйел адамдарының білім деңгейлері (6 жастан жоғары / %)

<b>Білім деңгейлері</b>	<b>Ерлер</b>	<b>Әйелдер</b>
Жоғары білім	9,3	10,6
Бітірілмеген жоғары білім	1,4	1,3
Орта-қесіби білім	15,5	19,8
Жалпы орта білім	31,2	26,9
Негізгі орта білім	15,4	13,2
Бастапқы орта білім	17,0	18,1
Бастапқы кәсіби білім	4,4	2,8
Мұлдем білімі жоқ	10,2	10,0

Білім деңгейі жоғарлаған сайын ондағы әйел адамдардың пайыздық үлесі ұлғайып отыр. Алайда, әйелдер пайдасына болып отырған мұндай гендерлік ерекшелік тек 20-49 жас аралығындағы адамдар үшін тән. Бұл жастан жоғары адамдардың ішінде ер адамдардың білімі әйел адамдардан жоғары. Яғни 80-жылдарға дейін білім берудің кез келген деңгейінде әйел адамдар ерлермен салыстырғанда азшылықты қураған.

Білімнің мұлдем жоқтығы қарт адамдардың, соның ішінде әйел адамдардың қатарында көп кездеседі. Яғни, қазіргі кездегі білім берудегі гендерлік айырмашылық екі қарама-қайшы тенденция нәтижесінде қалыптасып отыр деген сөз.

Біріншіден, білімі бар қарт ерлердің саны жасы келген әйелдерден әлдеқайда жоғары. Екіншіден, жастар үшін кері тенденция тән. Мұнда, керісінше, білімді әйелдер саны ерлерден асып түседі. Тиісінше, қарт адамдардың саны кеміп, жастар санының ұлғаюы бұндай гендерлік дисбаланстың әлі ұзаққа сақталуына алып келуі мүмкін.

Жоғарыдағы тараулардан байқағанымыздай, жоғары білім берудің қолжеткізімділігі көп дәрежеде жынысқа емес, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мекеніне байланысты. Сондықтан берілген гендерлік айырмашылық көбінесе халық арасында ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан гендерлік стереотиптердің салдары деген саяды.

Әйел адамдар өте сирек жағдайларда жалпы орта және бастапқы кәсіби білім алумен қанағаттанады. Тұрақты жұмыс орнына ие болу мақсатында әйел адамдар барынша жоғары білім беруге қол жеткізуге ұмтылып жатады. Ал жалпы орта немесе бастапқы кәсіби білім алғаннан кейін бірден еңбек нарығына шығушы жастардың арасында ер адамдардың үлесі әлдеқайда үлкен. Мұндай ерлердің қатарында құрылышта, пайдалы қазбалар мен металл өндеу салаларында еңбек етушілер басым.

Әйел адамдардың мұндай салада аз кездесуі саланың «дәстүрлі» ерлер жұмыс істейтін және тиісті білімсіз әйел адам кіріге алмайтын болған соң аз кездеседі. Бұл орта мектеп деңгейіндегі гендерлік дисбалансты да түсіндіруі мүмкін.

Осылайша, егер 1-3(4) және 5-9 сыныптарда 2001-2002 оку жылында қыз балалардың үлесі, тиісінше, 48,8% және 49,1% құраса, 10-11 сыныптарда жағдай өзгеріп, оқушылар құрамының гендерлік асимметриясы байқалады. Қыз балалар енді көшпілікті құрап, үлесі 52,5% жетеді.

Бұл тенденция білім берудің басқа деңгейлерінде, соның ішінде жоғары білім сатысында сақталады. Осылайша, 2003 жылы жоғары білім алушы қыз балалардың үлесі 57,5% жеткен. Алайда, ескеретін бір жайт, жоғары білім беру деңгейіндегі қыз балалардың үлесі тек олардың білімге жеңіл қол жеткізуінің есебінен емес, сонымен қатар жалпы студенттер санының, яғни жоғары білімнің демократизациясы есебінен өсіп отыр. Осылайша, 1991-2001 жылдар аралығында жоғары оку орындары студенттерінің жалпы саны 1,8 есе артқан [14].

Одан артық, жоғары білім беру деңгейінде мамандықтар бойынша жоғары сегрегация байқалады. Қыз балалар көп жағдайда жоғары феминизацияланырылған мамандықтарды таңdap, біліктілік деңгейінің жеткілікті болуына қарамастан, «дәстүрлі» ерлер мамандықтарынан бас тартады.

Сонымен, жоғары білім беру орындарында қыз балалардың 75,5%-ы педагогикалық, 66,8%-ы медициналық, 69,5%-ы мәдениет пен өнер, 70%-ы экономикалық мамандықтарды таңдайды. Техникалық мамандықтарды таңдайтын қыз балалар бүгінде азшылықты құрап отыр. Осылайша, қыз балалардың 4,5%-ы авиациялық техника, 5,3%-ы транспорттық техника, 11,2%-ы электроэнергетика мамандықтарын таңdap отыр.

Гендерлік талдау барысында жоғары білім беру үшін төленетін ақының жоғарлауы да оның қыз балалар үшін қолжеткізімділігіне латентті түрде ықпал етуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандай, қыз балалар мектептегі жоғары үлгерімнің болуына қарамастан, әдетте рентабельдігі төмен мамандықтарды таңдайды. Тиісінше, еңбек нарығында да олар беделі әлдеқайда төмен жұмыс орындарына орналаса алады. Яғни, жоғары білімге ерлермен бірдей ақы төлей отырып, қыз балалар білімнен салыстырмалы төмен пайда көреді дегенге сайып келеді. Мәселен, ерлер мен әйел адамдардың жалақыларының арасындағы ерекшелік өте көрнекті мысал бола алады. Осылайша, бүгінгі күнде әйел адамдардың айлық ақысы ер адамдардан 40% төмен болып отыр.

1. Көбеев Т. Құштеп қоныс аудару тақсіреті // Президент және халық.-2007. - 25 мамыр.
2. Статистическое обозрение Казахстана. - 2006. - №3. - С.35.
3. Қазақстандағы оралмандардың жай-күйі. Шолу.- Алматы: UNDP, 2006.
4. Национальная система и образовательные стандарты высшего образования в РК: аналитический доклад. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2006. – С.39.
5. 2004 жылғы Адам дамуы туралы БҰҰДБ есебі.

6. «Оралмандар: сапалы білімге қол жеткізу мүмкіндіктері» – Білім Орталық Азия және білім беру саясатын талдау Орталықтарының зерттеулері, 2005.
7. «Оралмандар: қазіргі жағдайы, проблемалары және перспективалары» Элеуметтік технологиялар орталығының басылымдары. – Алматы, 2005.
8. Low J. Negotiating Identities, Negotiating Environments: an interpretation of the experiences of students with disabilities// Disability & Society, 11 (2).- 1996.- P. 235-248; Ярская-Смирнова, Е.Р., Романов В. Проблема доступности высшего образования для инвалидов //СоцИС.- 2005.- №10.- С.49.
9. <http://www.enbek.kz/law/lawdetail.php?recordID=91> Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 января 2006 года № 17 ПРОГРАММА реабилитации инвалидов на 2006 - 2008 годы.- Астана, 2006.
10. Коптева Л. К обществу равных возможностей //Білім әлемі.- 2006. - №17-18 (104).- 30.09. -2 б.
11. Ирсалиев С. Льгот не предусмотрено...// Литературная газета.- 2006. - 17 июня.- №108. - С.2.
12. Елисеев Ю. Детей уносят с ЕНТ// Литературная газета.- 2006.- 17 июня.- №108 (563).-С.2
13. Нефедова Е. Знания через силу // Мегаполис.- 2006. - 29 апреля.- №17.- С.12.
14. Казахстан. Отчет о человеческом развитии.- Алматы, 2002.-

### Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы высшего образования для различных социальных групп Казахстана, которые еще недостаточно изучены в социологической науке. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

### Summary

The article considers the actual points of higher education for various social groups of Kazakhstan, which are not investigated enough. The discussion questions are also taken into consideration.

## **С о д е р ж а н и е**

### **ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

<b>Жалмагамбетова С.Т., Бектемисова В.А.</b> К вопросу о роли идеологии в современном обществе или «Как и почему определенный комплекс идей оказывает формирующее воздействие на общество?» ( Антуан Дестют де Траси ).....	3
<b>Мухамбетьярова А.Т.</b> Местное самоуправление: теория и практика в демократических странах.....	8
<b>Жабина Ж.Р.</b> Особенности, специфика и уровни сотрудничества международных организаций в Центральноазиатском регионе.....	14
<b>Сарсекеев М.М.</b> Этнополитическая институализация межнациональных противоречий в постсоветском Казахстане.....	19
<b>Акпаева Э.Р.</b> Регулирование процессами формирования и развития межнационального согласия - важнейшая задача политики Республики Казахстан.....	23
<b>Утяпов Ш.С.</b> Геополитика как фактор обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан.....	29

### **АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

<b>Абдикерова Г.О.</b> Социологиялық танымда үлгілеу үрдісінің қолданылу ерекшеліктері.....	35
<b>Дәкенов М., Саулембекова М.Е.</b> Қазақ зиялышарының оқу-ағартуды кешенді сипатта қарастыруы.....	40

### **ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ ЖАС ҒАЛЫМДАР МІЕБЕСІ**

<b>Бекмурзина И.С.</b> Взаимоотношения и взаимосвязь политики и религии.....	47
<b>Ахметова Ж.А.</b> Актуальные проблемы транспортной политики: политологический анализ.....	50
<b>Шынтемірқызы Г.</b> Имидж тұсінігі мен негізгі белгілері.....	55
<b>Утемуратова А.М.</b> Қазақстандағы мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері.....	60

### **В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ ОҚЫТУШЫЛАРҒА ҚӨМЕК**

<b>Абсаттаров Р.Б., Мен Д.В., Соловьева И.А.</b> Социология массовой коммуникации.....	65
<b>Каримова Ж.К.</b> Қазақстанда жоғары білім берудің әр түрлі әлеуметтік топтар үшін қолжеткізімділігі: социологиялық талдау.....	89

**ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК**  
**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы**  
**Серия «Социологические и политические науки»**  
**№ 1 (29), 2010**

*Печатается методом прямого репродуцирования*

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10107-Ж  
(шығару жиілігі – жылына 4 нөмір).  
2001 ж. бастап шығады

Басуға 6.04.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 8,2 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 106.

050010, Алматы қ. Достық даңғылы, 13  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы



**ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК**  
**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы**  
**Серия «Социологические и политические науки»**  
**№ 1 (29), 2010**

*Печатается методом прямого репродуцирования*

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10107-Ж  
(шығару жиілігі – жылына 4 нөмір).  
2001 ж. бастап шығады

Басуға 6.04.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 106.

050010, Алматы қ. Достық даңғылы, 13  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы